

Шебір ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 18 мамырдағы №9 "Шебір селолық округінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шебір ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 26 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Шебір ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шебір ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 18 мамырдағы № 9 "Шебір селолық округінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-5-102 болып тіркелген, 2010 жылы 2 маусымда "Жаңа өмір" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Шебір селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешім туралы әділет органдарын және ресми жариялау көздерін хабардар етуді қамтамасыз етсін.

Ауылдық округ әкімі

Н.Нұрбосынов